ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 наурыз №7527-25-00-2/485 Алматы қаласы

Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының құрамында төрағалық етуші судья Г.С.Касымбаева
хатшылыққа Қ.Елшібайды ала отырып
ашық сот отырысында талап қою арызы бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазқайтажаңарту» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Сеит Берикович Дауев «Дауев и Партнеры»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Ж.Т.Кибаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 19 қарашада, талап қоюшы мен жауапкер арасында, мемлекеттік сатып алу туралы №08- 04/137 шарты (бұдан әрі – Шарт) жасалды.

Шарт сомасы 24 747 теңгені құрайды.

Жауапкер шартта «3 жыл мерзімге біліктілік куәлігі мен хаттама бере отырып, ұйымдарда өрт-техникалық минимум көлемінде оқыту. Білім алушылар саны 3 адам» қызмет көрсетуге міндеттелді (бұдан әрі – Қызмет көрсету).

Техникалық ерекшелікке сәйкес, қызметті көрсету мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күннің ішінде, қызмет көрсету соңғы күні 2024 жылғы 3 желтоқсан.

Жауапкермен қызмет көрсетілмеді.

Талап қоюшы сотқа талап қою арзымен жүгініп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден сотқа талап арызға қарсы пікір келтірілген жоқ.

Талап қоюшының өкілі талап арызды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (келесіде – АПК) 196-бабын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет көрсеткен жоқ, жауапкермен қызмет шартта көзделген мерзімде және сот шешім шығару кезінде де орындалмаған.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызбен 2024 жылғы 31 желтоқсанда жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Касымбаева Г. С., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.04.2025, судья Касымбаева Г. С., 14.05.2025

Аталған негізде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша.

Заңның 43-бабының 24-тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

Шарттың 7.4.-тармағында көзделгендей, өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе шарт бойынша тауар жеткізумерзімі өткен күннен бастап, бірақ шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей,күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда,тапсырыс беруші өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, біржақты тәртіпте осы шартты бұзуға құқылы.

Талап қоюшының сотқа ұсынған есебіне сәйкес тұрақсыздық айыбы 693 теңге құрайды.

Есепті тексеріп, сот оны қабылдайды.

АПК-тің 72-бабының 1-бөлігіне сай, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының сотта жауапкерге қойған талаптары толық қанағаттандырылуға жатады. Жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылып, одан талап қоюшы пайдасына 693 теңге тұрақсыздық айыбын және төленген баж салығын өндіру қажет.

АПК-тің 109, 117-бабтарына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге және талап қоюшының пайдасына 21 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223- 226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Касымбаева Г. С., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.04.2025, судья Касымбаева Г. С., 14.05.2025

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазқайтажаңарту» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Дауев и Партнеры» Сеит Берикович Дауевті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Дауев и Партнеры» Сеит Берикович Дауевтен Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазқайтажаңарту» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының пайдасына 693 (алты жүз тоқсан үш) теңге тұрақсыздық айыбы, 21 (жиырма бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Дауев и Партнеры» Сеит Берикович Дауевтен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге риза болмаған жағдайда тараптар шағым немесе прокурор апелляциялық қайта қарау туралы талап-тілегі Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья: Г.С.Касымбаева

Құжатқа қол қойылған: Касымбаева Г. С., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.04.2025, судья Касымбаева Г. С., 14.05.2025

7527-25-3-1/77